

Халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 қарашадағы N 1137 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 4 қыркүйектегі № 745 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 745 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 18-04/120 бұйрығын қараңыз.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.01.2013 № 65 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңы 8-бабының 8) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандарының және (немесе) учаскелерінің тізбесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.01.2013 № № 65 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 3 қ а р а ш а д а ғ ы

N 1 1 3 7 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандарының және (немесе) учаскелерінің тізбесі

Ескерту. Тізбенің атауы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.01.2013 № 65 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Арал теңізі (халықаралық маңызы бар)
2. Зайсан көлі, Бұқтырма, Шульба су қоймасы және Ертіс өзені (халықаралық маңызы бар)
3. Каспий теңізі (халықаралық маңызы бар)
4. Қиғаш өзені (халықаралық маңызы бар)
5. Сырдария өзені (халықаралық маңызы бар)
6. Жайық өзені (халықаралық маңызы бар)
7. Іле өзені және Қапшағай су қоймасы (халықаралық маңызы бар)
8. Есіл өзені (халықаралық маңызы бар)
9. Шардара су қоймасы (халықаралық маңызы бар)
10. Алакөл көлдер жүйесі (республикалық маңызы бар)
11. Балқаш көлі (республикалық маңызы бар)
12. Қ. Сәтпаев атындағы канал (республикалық маңызы бар)